

**Жиынтық бағалауға арналған
әдістемелік ұсыныстар**

**Жаратылыстану
3-сынып**

ЖОБА

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 3-сынып білім алушыларына «Жаратылыстану» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар (қазақ тілінде білім беретін) бастауыш сыныптың (1-4-сыныптары) «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) мен оқу жоспарының негізінде дайындалған. 1-сыныпта жиынтық бағалау 3 және 4-тоқсандарда өткізіледі.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Тапсырмалар мен рубрикалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификацияда тапсырма үлгілері мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Әдістемелік ұсыныстар бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

Мазмұны

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«Тірі табиғат. Өсімдіктер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	4
«Тірі табиғат. Жануарлар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	7
1-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	100
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	166
«Тірі табиғат. Адам» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	166
«Заттар және олардың қасиеттері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	19
2-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	222
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	288
«Заттар және олардың қасиеттері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	28
«Жер және ғарыш» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	311
«Табиғат физикасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	344
3-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	377
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	433
«Табиғат физикасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	433
4-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	466

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Тірі табиғат. Өсімдіктер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

(«Тірі табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыптары аясында)


Бөлімше	2.1 Өсімдіктер
Оқу мақсаты	3.2.1.1 Өсімдіктердің фотосинтез үдерісінде оттегіні бөлуін түсіндіру 3.2.1.2 Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру 3.2.1.4 Адамның іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығына әсерін түсіндіру

Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Фотосинтез үдерісін сипаттайды• Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына бейімделу жолдарын сипаттайды• Адам әрекеттерінің өсімдіктер әлеміне тигізетін әсерін анықтайды
--------------------------	---

Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
-----------------------------------	-----------------------------

Орындау уақыты 1-тапсырма	20 минут
--	----------

Фотосинтез үдерісінде өсімдік ауадан нені сіңіреді және нені бөліп шығарады? Суреттегі бағдарлардың тұсына жаз.



2-тапсырма
Суреттегі өсімдік қай топқа жатады? Белгіле (✓).



- көлеңкесүйгіш
- жарықсүйгіш
- көлеңкеге төзімді

Бұл өсімдік қоршаған орта жағдайларына қалай бейімделеді? Жаз.

3-тапсырма

Адамның өсімдіктер әлеміне тигізетін оң әсерлерін

- анықта. 1) Өсімдіктерді өсіру 2) Өсімдіктерді көп мөлшерде жинау 3) Өсімдіктердің жаңа түрлерін шығару 4) Табиғи бірлестіктерді сақтау 5) Суқоймаларын ластау

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Фотосинтез үдерісін сипаттайды	1	фотосинтез үдерісі кезінде ауадан сіңірілетін газды анықтайды;	1
		фотосинтез үдерісі кезінде ауаға бөлінетін газды анықтайды;	1
Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына бейімделу жолдарын сипаттайды	2	өсімдіктің қоршаған орта жағдайларына бейімділігін анықтайды;	1
		өсімдіктің қоршаған орта жағдайларына бейімделу жолдарын түсіндіреді;	1
Адам әрекеттерінің өсімдіктер әлеміне тигізетін әсерін анықтайды	3	адамның өсімдіктер әлеміне тигізетін оң әсерлерін анықтайды: бірінші екінші үшінші	1 1 1
Жалпы балл			7

**«Тірі табиғат. Өсімдіктер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика
(«Тірі табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыптары аясында)**

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Фотосинтез үдерісін сипаттайды	1	Фотосинтез үдерісін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Фотосинтез үдерісі кезінде ауадан сіңірілетін/ ауаға бөлінетін газдарды анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Фотосинтез үдерісін дұрыс сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына бейімделу жолдарын сипаттайды	2	Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына бейімделу жолдарын түсіндіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Өсімдіктің қоршаған орта жағдайларына бейімділігін анықтауда/ бейімделу жолын түсіндіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына бейімделу жолдарын түсіндіреді. <input type="checkbox"/>
Адам әрекеттерінің өсімдіктер әлеміне тигізетін әсерін анықтайды	3	Адамның өсімдіктер әлеміне тигізетін оң әсерлерін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Адамның өсімдіктер әлеміне тигізетін оң әсерлерін анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Адамның өсімдіктер әлеміне тигізетін оң әсерлерін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>

**«Тірі табиғат. Жануарлар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау
(«Тірі табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыптары аясында)**

Бөлімше	2.2 Жануарлар
Оқу мақсаты	3.2.2.1 Жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу 3.2.2.2 Жануарларды тіршілік ортасы бойынша ажырату 3.2.2.6 Адамның жануарлар санының азаюына себепші болатын іс-әрекет түрлерін анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды ажыратады• Жануарлардың тіршілік ортасын анықтайды• Адамның жануарлар санының өзгеруіне әсер ететін әрекеттерін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут
1-тапсырма	Дене құрылысына қарай жануарлардың қай топқа жататынын анықта және жаз.



Ұлу - _____



Піл - _____

2-тапсырма

Жануарлардың атауын олардың тіршілік ортасымен сәйкестендір.

Қасқыр

Шұбалшаң

Сазан

Торғай

Су

Құрлық - ауа

Топырақ

3-тапсырма

- Адамның қандай іс-әрекеттері жануарлар санының *көбеюіне* әсер етеді? Бір мысал келтір.

- Адамның қандай іс-әрекеттері жануарлар санының *азаяуына* әсер етеді? Бір мысал келтір

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды ажыратады	1	омыртқалы жануарды анықтайды;	1
		омыртқасыз жануарды анықтайды;	1
Жануарлардың тіршілік ортасын анықтайды	2	суда тіршілік ететін жануарларды анықтайды;	1
		құрлық-ауа қатынасында тіршілік ететін жануарларды анықтайды;	1
		топырақ арасында тіршілік ететін жануарларды анықтайды;	1
Адамның жануарлар санының өзгеруіне әсер ететін әрекеттерін сипаттайды	3	адамның жануарлар санының көбеюіне әсер ететін әрекетіне мысал келтіреді;	1
		адамның жануарлар санының азаюына әсер ететін әрекетіне мысал келтіреді.	1
Жалпы балл			7

«Тірі табиғат.Жануарлар» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика («Тірі табиғат» және «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыптары аясында)

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды ажыратады	1	Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды ажыратуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Омыртқалы/ омыртқасыз жануарларды ажыратуда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды дұрыс ажыратады. <input type="checkbox"/>
Жануарлардың тіршілік ортасын анықтайды	2	Жануарлардың тіршілік ортасын анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Су/құрлық-ауа/топырақ арасында тіршілік ететін жануарларды анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Жануарлардың тіршілік ортасын дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Адамның жануарлар санының өзгеруіне әсер ететін әрекеттерін сипаттайды	3	Адамның жануарлар санының өзгеруіне ететін әрекеттеріне мысал келтіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Адамның жануарлар санының көбеюіне/азаюына әсер ететін әрекеттеріне мысал келтіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Адамның жануарлар санының өзгеруіне әсер ететін әрекеттеріне мысал келтіреді. <input type="checkbox"/>

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Жаратылыстану» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Жаратылыстану» пәні бойынша (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (1 - 4-сыныптар).

3. 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 16 балл

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларға білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушыдан тапсырманың шешімін табудың әр қадамын анық көрсетуі талап етіледі.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 6 тапсырмадан тұрады.

№	Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Тірі табиғат («Тірі табиғат» және «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, жарық-қараңғы» ортақ тақырыптары аясында)	2.1 Өсімдіктер	3.2.1.1 Өсімдіктердің фотосинтез үдерісінде оттегіні бөлуін түсіндіру	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырмаларды орындайды.	1	1
			3.2.1.2 Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру		1	2
			3.2.1.5 Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін анықтау	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	3
2		2.2 Жануарлар	3.2.2.1 Жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу	Білім алушы жабық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
			3.2.2.4 Өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара байланысты зерттеу	Білім алушы жабық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	3
			3.2.2.6 Адамның жануарлар санының азаюына себепші болатын іс-әрекет түрлерін анықтау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	3
Жалпы балл					6	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Жаратылыстану» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Фотосинтез үдерісінің нәтижесінде не пайда болады?

- A) су
- B) оттегі
- C) жарық
- D) көмірқышқыл газ

[1]

2. Тікен шөлді жерге қалай бейімделген? Белгіле (✓).

- Жапырақтары жалпақ Тамыры ұзын
- Жапырақтары жіңішке Тамыры қысқа

[2]

3.



Суретте бейнеленген кітап не үшін керек? Ол неге «Қызыл кітап» деп аталады? Жаз.





- Қызыл кітапқа енген екі өсімдікті жаз.

1) _____

2) _____

[3]

4. Берілген тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтап, белгіле (✓).

Тұжырымдар		Иә	Жоқ
	1) Шұбалшаң – омыртқасыз жануар		
	2) Саршұнақ - омыртқасыз жануар		
	3) Шыбын – омыртқалы жәндік		
	4) Түлкі – омыртқалы жануар		

[4]

5. Өсімдіктер мен жануарлардың байланысына қатысты 3 тұжырымды белгіле (✓).

Жануарлар өсімдіктерді тозаңдандырады.

Өсімдіктер жануарларға қорек болады.

Топырақтың түзілуіне көмектеседі.

Ауаны оттегімен қамтамасыз етеді.

Тұқымдардың таралуына көмектеседі.

[3]

6. Сұрақтарға жауап жаз.

1) Адамның қандай әрекетінен жануарлардың саны азайып кетуі мүмкін?

2) Өрт жануарларға қандай зиян келтіреді?

3) Адамдар жануарлар дүниесін қалай қорғай алады?

[3]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	В (оттек)	1	
2	Жапырақтары жіңішке	1	
	Тамыры ұзын	1	
3	Қызыл кітап сирек кездесетін немесе жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарларды қорғау керектігін ескертеді/ кейбір өсімдіктер мен жануарларға жойылу қаупі төніп тұрғандығын ескертеді/адамдардың назарын жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарларға аудару үшін қажет/...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Бәйшешек/ақ тұңғиық/кәдімгі таушымылдық/кәдімгі емен/жаңғақты лотос/мүкжидек/қызғалдақ/...	2	Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
4	1) Иә	1	
	2) Жоқ	1	
	3) Жоқ	1	
	4) Иә	1	
5	Жануарлар өсімдіктерді тозаңдандырады. <input checked="" type="checkbox"/> Өсімдіктер жануарларға қорек болады. <input checked="" type="checkbox"/> Топырақтың түзілуіне көмектеседі. <input type="checkbox"/> Ауаны оттегімен қамтамасыз етеді. <input type="checkbox"/> Тұқымдардың таралуына көмектеседі. <input checked="" type="checkbox"/>	3	Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
6	Тіршілік ортасы жағдайын өзгерту: батпақтарды құрғату/ормандарды кесу/жер жырту/құрылыс салу/ жол салу/суқоймаларын салу)/ өрт/аңшылық/...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Жануарлар түтінге тұншығады/денелері күйіп қалады/ балалары немесе жұмыртқалары жанып кетеді/ұялары мен індері жойылады/...	1	
	Қорықтар мен ұлттық бақтар құрады/ жануарларды қорғау туралы заңдар шығарады/Қызыл кітапқа енгізеді/...	1	
Жалпы балл		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою


Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Тірі табиғат. Адам» бөлімі бойынша жиынтық бағалау


(«Уақыт» ортақ тақырыбы аясында)

Бөлімше	2.3 Адам
Оқу мақсаты	3.2.3.1 Адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау 3.2.3.3 Тыныс алу жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Орналасуы бойынша адамның ішкі ағзаларын анықтайды• Тыныс алу жүйесінің мүшелерін атайды және рөлін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	15 минут
1-тапсырма	Суретке мұқият қара. Адамның ішкі ағзаларының атауларын жаз.



2-тапсырма

Тыныс алу жүйесі мүшелерінің атауын жаз.



- Өкпе қандай қызмет атқарады?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Орналасуы бойынша адамның ішкі ағзаларын анықтайды	1	адамның ішкі ағзаларын атайды;	
		1-ағзаны	1
		2-ағзаны	1
		3-ағзаны	1
Тыныс алу жүйесінің мүшелерін атайды және рөлін сипаттайды	2	4-ағзаны	1
		тыныс алу жүйесінің мүшелерін атайды;	
		1-мүшені	1
		2-мүшені	1
Жалпы балл		3-мүшені	1
		4-мүшені	1
		өкпенің қызметін сипаттайды.	1
			9

**«Тірі табиғат. Адам» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика
(«Уақыт» ортақ тақырыбы аясында)**

Білім алушының аты-жөні: _____


Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Орналасуы бойынша адамның ішкі ағзаларын анықтайды	1	Суреттегі орны бойынша адамның ішкі ағзаларын анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Суреттегі орны бойынша адамның ішкі ағзаларын анықтауда қателіктер жібереді: өкпе/жүрек/бауыр/ішек. <input type="checkbox"/>	Суреттегі орны бойынша адамның ішкі ағзаларын анықтайды. <input type="checkbox"/>
Тыныс алу жүйесінің мүшелерін атайды және рөлін сипаттайды	2	Тыныс алу жүйесінің мүшелерін анықтауда және рөлін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тыныс алу жүйесінің мүшелерін анықтауда/ тыныс алу мүшелерінің рөлін сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тыныс алу жүйесінің мүшелерін анықтайды және рөлін сипаттайды. <input type="checkbox"/>

«Заттар және олардың қасиеттері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау («Сәулет өнері», «Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыптары аясында)

Бөлімше	3.1 Заттардың типтері 3.2 Ауа 3.3 Су
Оқу мақсаты	3.3.1.1 Заттарды шығу тегі және агрегаттық күйі бойынша жіктеу 3.3.2.1 Ауаның құрамын сипаттау 3.3.3.6 Судың тіршілік үшін маңыздылығын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Табиғи және жасанды денелерді ажыратады• Заттардың агрегаттық күйлерін ажыратады• Ауаның құрамын анықтайды• Судың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	15 минут

1-тапсырма

Табиғи және жасанды денелерге 1 мысалдан келтіріп жаз.




2-тапсырма

Заттар қандай күйлерде бола алады? Жаз. _____

ЖОБА

3-тапсырма

Ауаның құрамына қандай газдар кіреді? Атауын жаз.



4-тапсырма

Судың адам өміріндегі маңыздылығына 1 мысал келтіріп жаз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Табиғи және жасанды денелерді ажыратады	1	табиғи денелерге мысал келтіреді;	1
		жасанды денелерге мысал келтіреді;	1
Заттардың агрегаттық күйлерін ажыратады	2	заттың агрегаттық күйлерін атайды;	1
Ауаның құрамын анықтайды	3	ауаның құрамын сипаттайды:	
		бірінші элемент	1
		екінші элемент	1
үшінші элемент	1		
Судың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын сипаттайды	4	судың адам өміріндегі маңызын сипаттайды.	1
Жалпы балл			7

«Заттар және олардың қасиеттері» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика («Сәулет өнері», «Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыптары аясында)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Табиғи және жасанды денелерді ажыратады	1	Табиғи және жасанды денелерді ажыратуда қиналады <input type="checkbox"/>	Табиғи/ жасанды денелерді ажыратуда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Табиғи және жасанды денелерді дұрыс ажыратады. <input type="checkbox"/>
Заттардың агрегаттық күйлерін ажыратады	2	Заттардың агрегаттық күйлерін атауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Заттардың агрегаттық күйлерін атауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Заттардың агрегаттық күйлерін дұрыс атайды. <input type="checkbox"/>
Ауаның құрамын анықтайды	3	Ауаның құрамына енетін газдарды атауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Ауаның құрамына енетін газдарды атауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Ауаның құрамына енетін газдарды дұрыс атайды. <input type="checkbox"/>
Судың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын сипаттайды	4	Судың адам өміріндегі маңызын түсіндіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Судың адам өміріндегі маңызын түсіндіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Судың адам өміріндегі маңызын түсіндіреді. <input type="checkbox"/>

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Жаратылыстану» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Жаратылыстану» пәні бойынша (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (1 - 4-сыныптар).

3. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 16 балл

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларға білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушыдан тапсырманың шешімін табудың әр қадамын анық көрсетуі талап етіледі.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 7 тапсырмадан тұрады.

№	Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Тірі табиғат («Уақыт» ортақ тақырыбы аясында)	2.3 Адам	3.2.3.2 Асқорыту жүйесінің тіршілікке қажетті энергияны алудағы рөлін сипаттау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	2
			3.2.3.4 Қан айналымы жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
			3.2.3.5 Адам ағзасының ауру мен инфекциядан қорғану жолдарын түсіндіру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	1
2	Заттар және олардың қасиеттері («Сәулет өнері», «Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыптары аясында)	3.1 Заттардың типтері	3.3.1.1 Заттарды шығу тегі және агрегаттық күйі бойынша жіктеу	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	3
		3.2 Ауа	3.3.2.1 Ауаның құрамын сипаттау	Білім алушы жабық түрдегі сәйкестікті анықтауды қажет ететін тапсырманы орындайды	1	3
		3.3 Су	3.3.3.2 Судың негізгі табиғи көздерін салыстыру. 3.3.3.4 Суды тазартудың түрлі тәсілдерін ұсыну.	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды.	1	2
			3.3.3.3 Ауыз суды үнемді қолдану қажеттілігін түсіндіру.	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	1
Жалпы балл					7	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Жаратылыстану» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Сұрақтарға жауап жаз.

- 1) Асқорытуға қандай мүшелер қатысады? _____
- 2) Тамақтанудың адам өмірінде қандай маңызы бар? _____

[2]

2. Сөйлемдерді толықтыр.


- 1) Адамның қанайналым жүйесі мүшелеріне _____ пен _____ жатады.
- 2) Қан ағзаны _____ қамтамасыз етеді.
- 3) Қан ағзадан _____ алып шығады.

[4]

3. Адам ауру мен инфекциядан қалай қорғана алады? 1 мысал келтіріп жаз.

[1]

4. Қатты, сұйық, газ күйіндегі денелерге 1 мысалдан келтір. Сызбаны толтыр.



[3]

5. Ауаның құрамындағы газдарды пайыздық мөлшерімен сәйкестендір.

Азот	21%
Оттегі	1%
Көмірқышқыл газ және басқа газдар	78%

[3]

6. Дұрыс жауабын анықта.

1) Жер бетіндегі суға толған табиғи ойыстар қалай аталады?

- A) көл
- B) өзен
- C) бұлақ
- D) қайнар

2) Суды тазарту үшін қолданылатын табиғи зат:

- A) саз
- B) құм
- C) тас
- D) шөп

[2]

7. Суды қалай үнемдеуге болады? Жаз.

[1]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, асқазан, ішек	1	3-тен кем емес
	Тамақтану ағзаға күш береді/адам ағзасының дұрыс өсіп-жетілуіне көмектеседі/	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
2	жүрек	1	
	қантамырлар/тамыр	1	
	қоректік заттармен/оттегімен	1	
	көмірқышқыл газын / зиянды заттарды	1	
3	Денені шынықтыру/спортпен айналысу/ жеміс-жидек пен көгөністерді көп жеу/дұрыс тамақтану/жеке бас гигиенасын сақтау/	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
4	<pre> graph LR A[Азот] --> B(21%) C[Оттегі] --> D(1%) E[Көмірқышқыл газ және басқа газдар] --> F(78%) </pre>	3	Әр дұрыс сәйкестікке 1 балл қойылады.
5	тас/мұз/ас тұзы	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы жауаптар қабылданады.
	су/сүт/шырын	1	
	бу/бұлт/түтін/ауа	1	
6	А)	1	
	В)	1	
7	Суды босқа ағызбау керек/ Су ағатын шүмекті дұрыс жауып жүру керек/	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
Жалпы балл		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.


6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

